

М.М. Қозыбаева*

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Алматы, Қазақстан
(E-mail: koz.mahabbat_85@mail.ru)

Соғыстан кейінгі кезеңдегі Солтүстік Қазақстан облысы шаруаларының әлеуметтік-экономикалық жағдайы мен күнделікті өмірінің ерекшеліктері

Мақалада соғыстан кейінгі кезеңдегі Солтүстік Қазақстан облысы шаруаларының әлеуметтік-экономикалық жағдайы мен күнделікті өмірі зерттелген. Соғыстан кейінгі кезеңде тоталитарлық режимнің қысымы жалғасын тапты. Атап айтқанда, бұл ауыл тұрғындарына әсер етті, оларды күнделікті қажытатын жұмысынан басқа, қираған экономиканы қалпына келтіру үшін қатаң заңдар мен салықтар ауырлатты. Солтүстік аймақ шаруаларының әлеуметтік құрамында еуропалық халық басым болды, сонымен қатар арнайы қоныс аударушылардың еңбегі белсенді қолданылды. Қазақ даласына қысымды арттырған Ресейдің орталық аймақтарындағы құрғақшылық пен соғыстан кейінгі 1946–1947 жылдардағы аштықтың салдары ауыл тұрғындарының жағдайын әлсіретті. Автор соғыстан кейінгі онжылдық ауыл шаруашылығы мен оның жұмысшылары үшін қиын болды деген қорытынды жасайды. Ауыл шаруашылығы мәселелерін шешу дәстүрлі түрде экономикалық ынталандыру принциптерін қолданбай, әміршілдік-әкімшілдік жүйе шеңберінде жүзеге асырылды. Негізінен егістік алқаптардың кеңеюінің арқасында астық өндірісінің ұлғаюына қол жеткізілді, мал шаруашылығы өнімдерін көбейтуге талпыныс жасалды. Бірқатар аграрлық реформалар ауыл шаруашылығы өндірісінің соғысқа дейінгі деңгейін қалпына келтіре алмады. Оған шаруаның өндіріс құралдарынан алшақтығы мен материалдық қызығушылығының әлсіздігі себеп болды. Соғыстан кейінгі экономиканы қалпына келтіру шаруалардың материалдық жағдайының шамалы ғана жақсаруына әкелді, бұл олардың күнделікті өмірінде көрініс тапты.

Кілт сөздер: соғыстан кейінгі кезең, шаруалар, колхоздар, жұмыс күндері, шаруашылығы, егіншілік, көші-қон, арнайы қоныс аударушылар, реформалар, күнделікті өмір.

Kipicne

Қазақстанның егемендік пен тәуелсіздікке ие болуымен Қазақстан тарихы ғылымында әдіснамалық постулаттардың ауысуы орын алуда, қазіргі заманғы тарихнама тоталитаризмнің шаруаларға қатысты адамгершілікке қарсы саясатын аша отырып, кеңестік мемлекет тарихының ақтандақтарының орнын толтыруда. Бүгінгі таңда Отан тарихы ғылымында қазақ шаруаларының соғыстан кейінгі дамуын 1920–1930 жылдардағы қуатты жаңғыртудың салдары тұрғысынан зерттеу мәселесі өзекті болып отыр. Кеңес азаматтары ортақ күш-жігермен, барлық деңгейдегі тұрақты өзара іс-қимылмен елді соғыстан кейінгі күйреудің қорқынышты жағдайынан сақтап қалды. Қазақстан соғыс жылдарында және одан кейінгі барлық кезеңдерде, ауыр өнеркәсіп өнімдерін жеткізушіден басқа, жалпыодақтық ауыл шаруашылығы өндірісінде елеулі өңір болды. Алайда соғыстан кейінгі кезең әміршіл-әкімшіл жүйенің одан әрі күшеюімен ерекшеленді. Атап айтқанда, бұл ауыл тұрғындарына әсер етті, бұл кезде ауыл тұрғындарының өмірі күнделікті қажырлы еңбектен басқа, күйреген экономиканы қалпына келтіруге арналған қатаң заңдар мен салықтармен күрделене түсті. Қазақ даласына қысымды арттырған Ресейдің орталық аймақтарындағы құрғақшылық пен соғыстан кейінгі 1946–1947 жылдардағы аштықтың салдары ауыл тұрғындарының жағдайын әлсіретті.

Зерттеудің өзектілігі аймақтық көзқарасқа байланысты, өйткені мақалада аймақтағы экономикада жетекші рөл атқаратын Солтүстік Қазақстан облысының мысалында Қазақстандағы соғыстан кейінгі кезеңдегі шаруалардың әлеуметтік-экономикалық жағдайының ерекшеліктерін анықтауды мақсат еткен. Кеңес кезеңінде Солтүстік Қазақстан халықтың күрделі әлеуметтік-демографиялық құрылымы бар республикалық және жалпы одақтық маңызы бар жетекші аграрлық-шикізаттық өңірлердің бірі болды. Аграрлық және индустриялық даму алаңы, елдің шикізаттық қоржыны бола отырып, Солтүстік Қазақстан осы кезден бастап полиэтникалық және көп мәдениетті өңірге айналды.

* Хат-хабарларға арналған автор. Email: koz.mahabbat_85@mail.ru

Методология және зерттеу әдістері

Мақалада әлеуметтік-экономикалық тарих контекстінде соғыстан кейінгі кезеңдегі Солтүстік Қазақстан облысы ауыл тұрғындарының әлеуметтік-экономикалық жағдайын зерттеуге әрекет жасалды. Зерттеудің әдіснамалық негізі тарихилық принцип. Өйткені зерттеу объектісі өзінің эволюциялық дамуында, зерттелінуде және белгіленген кезеңде өзгерістерге ұшырауда. Жүйелеу тәсілі әртүрлі ішкі элементтері, байланыстары мен процестері бар күнделікті өмірді неғұрлым кең өзара қатынастар жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде, ал өңірдің ауыл тұрғындарын — тұтастай ел халқының құрамдас бөлігі ретінде елестетуге мүмкіндік береді. Зерттеу объектісі ретінде күнделікті өмірдің көп өлшемділігі мен күрделілігі негізгі пәнаралық тәсілдің бірі ретінде анықталады. Күнделікті өмірдің әртүрлі аспектілерінде тұрғындардың өмір сүру деңгейін бағалау үшін әлеуметтік, демографиялық, экономикалық және мәдени сипаттағы жекелеген зерттеулердің жиынтығы қажет. Зерттеуде макро– және микротарихи тәсілдердің синтезі қолданылды. Егер макротарихи тәсіл қоғамның әлеуметтік-экономикалық, саяси, рухани дамуындағы өзгерістерді көрсетсе, онда микротарихи тәсіл көптеген макрооқиғалардың күнделікті өмірдің сипатына, яғни өмір салтына, тұлғааралық қатынастарға және т.б. әсерін байқауға мүмкіндік береді. Осы бағыттардың барлығы зерттеу мақсатынан шығатын бірыңғай әдіснамалық схемамен, бірыңғай бағдарламамен біріктірілді. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жазу барысында жалпы ғылыми әдістер қолданылды: талдау, синтез, статистикалық әдіс. Арнайы әдістерге салыстырмалы талдау әдістері, тарихи-типологиялық, проблемалық-хронологиялық, тарихи-жүйелік әдістер жатады.

Дереккөз базасы ретінде Солтүстік Қазақстан Мемлекеттік архивінің (СКМА) және Павлодар облысының Мемлекеттік архивінің (ПОМА) материалдары, негізінен партиялық, мемлекеттік, шаруашылық мекемелердің іс жүргізу құжаттарымен ұсынылған, сондай-ақ ресми статистикалық материалдар (мысалы 1939 және 1959 жж. санақ материалдары), мерзімді баспасөз және жеке шығарылған дереккөздер (естеліктер, ақталған есімдер) болды. Зерттеудің теориялық негізін аграрлық тарихтың әртүрлі аспектілерін зерттеуге үлкен үлес қосқан шетелдік және отандық тарихи ой өкілдерінің жұмыстары құрайды.

Талқылау

Бүгінгі таңда отандық тарих ғылымында зерттеудің бай тарихнамалық базасы бар, онда авторлар Қазақстан шаруаларының күнделікті өмірінің жекелеген аспектілерін зерттеген. Қарастырылған уақыт бөлігі 1946–1953 жылдардағы ғылыми әдебиеттерде соғыстан кейінгі қалпына келтіру кезеңі ретінде белгіленген. Кеңестік ғылыми әдебиетте, мысалы Т.Б. Балақаевтың [1], сондай-ақ, 1990 жылдардың басындағы жұмыстарда, атап айтсақ, А.Б. Муритованың [2], З. Сламбековтің [3] еңбектерінде аграрлық мәселелер партияның селолар мен ауылдарда жойылған шаруашылықты қалпына келтірудегі рөлі тұрғысынан қаралды. Қазақстанның егемендік пен тәуелсіздік алуымен қазақстандық тарих ғылымында әдіснамалық постулаттардың ауысуы орын алуда. Қазіргі қазақстандық тарихнамада шаруаларға қатысты тоталитаризмнің адамгершілікке қарсы саясатын аша отырып, кеңестік мемлекет тарихының ақтандақтарының орнын толтыруда. М. Қозыбаев [4; 5], Т. Омарбеков [6], М. Қойгелдиев [7; 8], К.С. Алдажұманов [9], Ж.Б. Абылхожин [10; 11] сияқты қазақстандық ғалымдардың іргелі ғылыми еңбектерінде *әкімшілдік-әміршілдік* жүйенің адам санасына әсер ету проблемасы арқылы кеңестік шаруаларды зерттеудің әдіснамалық және тәжірибелік мәселелері көтерілді. Атап айтқанда, Ж.Б. Абылхожин басшы органдардың шаруаларға қатысты қуғын-сүргін, жазалау санкцияларының проблемаларын қозғап, өндірістің экстенсивтілігін сынға алып, оның тиімсіздігінің дәлелдерін келтірді. Тоталитарлық режимдегі ұжымшарлық шаруалардың әлеуметтік-экономикалық даму мәселелерін Х.М. Әбжанов [12], К.А. Берденова және С.И. Иманбердиева [13], Р.Ж. Кадысова [14], З.Г. Сақтағанова [15] еңбектерінде жазылды. Атап айтқанда, З.Г. Сақтағанова соғыстан кейінгі кезеңдегі аграрлық саясаттың ерекшеліктерін шаруалардың ауыр жағдайын кеңейтілген әскери-өнеркәсіптік кешенді азық-түлікпен қамтамасыз ету, қолданыстағы басқару және бөлу жүйесін сақтау және нығайту қажеттілігімен негізделгенін атап көрсеткен. Отандық тарихнаманың жалпы тенденциялары мемлекеттік саясаттың зерделенуін көрсетеді, бірақ сталиндік аграрлық саясат дағдарысы кезінде шаруалардың өмір сүруінің күнделікті тәжірибелері мен әлеуметтік стратегиялары аз зерттелген мәселе болып қала беруде.

Екінші жағынан, шетелдік тарихнамада ауыл шаруашылығы мен шаруалардың соғыстан кейінгі тарихын жаңа көзқарастар мен тұжырымдамалар тұрғысынан белсенді түрде қайта қарастыру жүру-

де. Модернизация теориясы немесе өркениеттік көзқарас шеңберінде А.А. Данилов пен А.В. Пыжиковтың [16], В.Ф. Зиманың [17], Е.Ю. Зубкованың [18, 19], В.П. Поповтың [20], тарихи-антропологиялық тәсіл — күнделікті өмір тарихы шеңберінде кеңестік шаруалар өмірінің әртүрлі аспектілерін Ш. Фицпатрик [21], Н. Лебина [22], С. Войм [23] және басқалардың жұмыстарын атауға болады.

Соғыстан кейінгі кезеңде Қазақстан шаруалары әр текті болды, сондай-ақ этникалық және әлеуметтік-экономикалық жағынан әр түрлілігімен ерекшеленді. Атап айтқанда, ол өз құрамына еуропалық ұлттардың өкілдерін — империяның еуропалық бөліктерінен қоныс аударған шаруалардың ұрпақтарын, күштеу негізіндегі жаңғыртудан өткен тікелей қазақ тұрғындарын, 1936 жылдан 1945 жылға дейін депортацияланған халықтардың өкілдерін — арнайы қоныс аударушыларды және т.б. қосты. Ұлы Отан соғысы жылдарында тұрғындардың үлкен шығындары, яғни 1 миллионнан астам майданға шақырылғандардың жартысына жуығының оралмағандығы, сондай-ақ әйелдер мен балалар жұмысшылар ретінде еңбекке жегілуі күнделікті өмір тарихында терең із қалдырды. Сонымен қатар, Қазақстанның ауыл шаруашылығы эвакуацияланған тұрғындарды азық-түлікпен қамтамасыз етті: соғыс жылдары және соғыстан кейінгі уақытта мыңдаған мал басы, көптеген техника, азық-түлік осы қажеттіліктерге жіберілді.

Соғыстан кейінгі жылдар барлық салаларда, әсіресе ауыл шаруашылығында дағдарыс құбылыстарымен қатар жүрді, бұл әкімшілік қысым әдістерін өзгерту қажеттілігін көрсетті. Атап айтқанда, бұл ауыл тұрғындарына әсер етті, бұл кезде ауыл тұрғындарының өмірі күнделікті қажырлы еңбектен басқа, күйреген экономиканы қалпына келтіруге арналған қатаң заңдар мен салықтармен күрделене түсті. Ауыл халқының жағдайын 1946–1947 жылдардағы Ресейдің орталық аймақтарындағы құрғақшылық пен одан кейінгі аштықтың салдары ауырлатты, бұл қазақ даласына қысымның күшеюіне әсер етті. Ұжымшарларды ірілендіру бойынша бірқатар аграрлық реформалар өндірістің соғысқа дейінгі деңгейін қалпына келтіре алмады, себебі шаруаның өндіріс құралдарынан бас тартуы, оның материалдық қызығушылығының болмауында болды.

Соғыс жылдарындағы адамдардың үлкен шығындары, сондай-ақ барлық қолда бар ресурстарды (техника мен азық-түлік) эвакуацияланған халықтың қажеттіліктерін қолдауға қайта бағыттау, қаржыландырудың қалдық принципі, ескірген техника мен өндіріс әдістері, тұқым қорын жаңарту және іріктеу жүйесінің болмауы мардымсыз өнімділікке, содан кейін азық-түлік дағдарысына әкелді. Осылайша, Қазақстанда соғыстан кейінгі алғашқы бесжылдықта (1946–1950 жж.) дәнді дақылдардың орташа жылдық өнімділігі 4–6 ц/га теңелді, бұл тек 1913 ж. көрсеткіштермен ғана салыстыруға болады [11; 13].

Соғыс жылдары Солтүстік Қазақстан облысында егіс алқаптары 126 мың гектарға (немесе 24,2 % — ға) айтарлықтай қысқарды. Соғыстан кейінгі кезеңде облыста астық өнімділігі іс жүзінде 3 есе төмендеді: егер 1938–1943 жылдары өнімділік шамамен 11,9 ц/га құраса, 1945 жылы — 4,9 ц/га, ал 1946 жылы — 4,1 ц/га [24; 9]. Сорттық егістіктердің қысқаруына сапалы тұқымдық қордың болмауы да әсер етті: 1940 жылы егістіктер 84,4 %-ды, ал 1946 жылы — 28 %-ды құрады [25; 104]. Егіс алқаптарын қалпына келтіру және дәнді дақылдардың өнімділігін арттыру үшін тыңайған жерлерді кеңейту және күзгі жер жырту көзделді [24; 9]. Алайда, Үкіметтің бақылаушы кадрларды іріктеу, ауылшаруашылық техникаларын жаңарту, орман қорғау белдеулерін құру, топырақты өңдеу технологиясын жақсарту сияқты көптеген шаралары қысқа мерзімді болды және тек дағдарыстың сыртқы белгілерімен күресуге бағытталды. Олар тауар өндіруші-шаруаның жағдайын жақсартуға қатысты болған жоқ және тек нан дайындау бойынша мемлекеттік жоспарды орындау қажеттілігіне ғана бағытталды.

Өз кезегінде, дайындау жоспарларының орындалмауы мемлекеттік қылмыстарға теңестірілді. 1946 жылдың 4 қарашасында облыстық партия комитетінің отырысы өтті. Тексеру нәтижесі бойынша, 1946 жылдың 8 қарашасында нан дайындау жоспарын орындамаған 416 ұжымшар анықталған, оның ішінде 102 ұжымшар нан тапсыруға қатыспады. Прокуратура және ПМ органдары нан тапсыруды бұзғаны үшін 231 адамды қылмыстық жауапкершілікке тартты, оның ішінде: нан жинау және нан дайындау жоспарларын бұзғаны үшін — 24, астықты бүлдіргені үшін — 18, астықты алғаны және ұрлағаны үшін — 189 адам. Халық соттарының юрисдикциясымен 209 адам сотталды, оның ішінде 17 адам «Мемлекеттік кәсіпорындардың, ұжымшарлар мен кооперациялардың мүлкін қорғау және қоғамдық (социалистік) меншікті нығайту туралы» 1932 жылғы 7 тамыздағы заң бойынша ең

жоғары жазаға тартылды, яғни атуға — 2 адам, 10 жылға бас бостандығынан айыруға — 15 адам [26; 276].

Жағдайды жақсарту мақсатында КСРО Министрлер Кеңесі мен БК(б)П ОК-нің 1946 жылғы 19 қыркүйектегі «Ұжымшарлардағы ауыл шаруашылығы артелдері Жарғысының бұзылуын жою жөніндегі шаралар туралы» қаулысы қабылданды, ол ауыл шаруашылығының дамуына оң әсер етуі тиіс еді. Қаулыны орындау барысында облыста 238 ұжымшарда еңбек күндерін шығындау бойынша жарғының бұзылғаны анықталды, ұжымшарларға қатысы жоқ 130 адам төлемнен алынып тасталды, ұжымшарлық учаскелер нормаланды. Бірақ көрсетілген ереже жерді есепке алуды, қалыпқа келтіруге, ұжымшардағы еңбек ақысын аз уақытқа ғана төлеуге ықпал етті, өйткені іс жүзінде ол азық-түлік жағдайын түбегейлі өзгерте алмады, тек жеке шаруалардың мүдделеріне нұқсан келтірді [24; 19, 27; 227].

Ауылшаруашылығындағы құлдыраудың жалпы үрдістері мал шаруашылығына да әсер етті: 1941–1946 жылдары барлық түрдегі мал басы 26 %-ға немесе 164 686 басқа азайды. Сонымен, 1946 жылы Совет ауданында фермалардың тек 1/3 шаруашылығында 10 сиыр мен 50 аналық қой болған. Жылқылардың саны едәуір азайды, сондықтан ұжымшарларда, кеңшарларда, жеке шаруашылықтарда сиырлар тарту күші ретінде пайдаланылды. Мал азығы мен материалдық-техникалық базаның, асыл тұқымды малдың таңдаулы тұқымдарының болмауы және осы бағыттағы жұмыста жүйеліліктің болмауы мал шаруашылығының жағдайына кері әсерін тигізді. Өнімнің болмауы 1946 жылғы жемшөп дайындауға айтарлықтай әсер етті, бұл малдың, атап айтқанда жас жануарлардың жаппай қырылуына, ересек табынның ауруына әкелді. 1947 жылы 426 ұжымшардың тек 70-інде ғана мал саны елеусіз болды, бірақ оның өсуі ет бойынша жоспарлы жеткізілімдерді жаба алмады [26; 276].

Мал шаруашылығындағы жағдайды жақсарту үшін 1949 жылы Министрлер Кеңесі мен БК(б)П ОК «Қоғамдық ұжымшарлық және кеңшарлық өнімді малшаруашылығын дамытудың үш жылдық жоспары туралы» қаулы қабылдағаны белгілі. Қабылданған шараларға қарамастан, 1949–1950 жылдардың қысында жемшөп қорларының тапшылығы салдарынан мал басы 8,9 %-ға айтарлықтай қысқарды. Сондықтан мал шаруашылығы саласын басқару бойынша түбегейлі шаралар мен жинақталған мәселелерді шешу тетіктері болмаған кезде мал шаруашылығын дамытудың 3 жылға қабылданған жоспары малдың тек екі түрі бойынша: қойлар бойынша — 106 %, жылқылар бойынша — 100,2 % орындалды. Өз кезегінде, іріқара мал бойынша жоспардың орындалуы 89 %, ал құс бойынша тек 22,4 % және т.б. құрады [28; 159–159 а.б.].

Өндірістегі дағдарыс және өмір сүру деңгейінің төмендігі тұрғындардың жақын маңдағы қалаларға ақша табуға кетуіне әкелді, бұл демографиялық жағдайға әсер етті. Белгіленген кезеңде аймақтағы демографиялық үдерістерге соғыстың, эвакуацияның, халықтар депортациясының және 1940 жылдардың ортасындағы ашаршылықтың салдары әсер етті, нәтижесінде тұрғындардың табиғи өсуі мен оның этникалық құрылымының өзгеруіне әсер етті. Солтүстік Қазақстан облысының ауыл тұрғындарын сипаттау үшін 1939 және 1959 жылдардағы ресми санақтардың деректеріне жүгінеміз (1-кесте).

1 кесте

1939–1959 жылдардағы Қазақстанның Солтүстік Қазақстан облысының ауыл тұрғындары санының динамикасы[29; 30; 31]

№	Тұрғындар саны	1939 ж.	1959 ж.
1	Қалалық	110920	156426
2	Ауылдық	430607	300573
	Барлығы	541527	456999

Алынған мәліметтерге сүйене отырып, Солтүстік Қазақстан облысында белгіленген кезеңде ауыл тұрғындары санының қысқаруы орын алды: егер 1939 жылы ол 430 607 адамды құраса, 1959 жылы барлығы 300 573 адам болды. Бұл, ең алдымен, тұрғындардың әскери шығындарымен, сондай-ақ ұжымдастыру кезеңінен бастап жаңа жұмыс орындарының құрылуына, сондай-ақ теміржол және өнеркәсіптік құрылысының көтерілуіне байланысты, жаһандану және шаруалардың өндіріс құралдарынан бас тартуы нәтижесінде ауыл тұрғындарының тұрақты кетуімен байланысты болды. Шаруа-

лардың төлқұжаттарының болмауы қалаларға көші-қонның үлкен ағымына кедергі келтірмегендігін және қала тұрғындарының өсуіне ықпал еткендігін санақ материалдары растайды.

Революцияға дейінгі кезеңдегі шаруалардың отарлау үдерістері, соғысқа дейінгі және соғыс жылдарында халықтарды Қазақстанға күштеп жер аудару, эвакуациялау аймақтың этникалық әртүрлілігіне әсер етті. Санақ деректері бойынша, өңірдің шаруалары этникалық тұрғыдан орташа арақатынаста ұсынылды: орыстар (51,5 %), қазақтар (19 %), украиндар (13,3 %), поляктар (3,75 %), немістер, литвалықтар, белорустар, шешендер санының өсуі байқалды.

2 кесте

1939–1959 ж. Солтүстік Қазақстан облысы тұрғындарының ұлттық құрамы [29; 30; 31].

№	Ұлты	1939 ж.	1959 ж.
1	Орыстар	198603	171065
2	Қазақтар	94491	48767
3	Украиндар	67080	33295
4	Поляктар	28698	1883
5	Немістер	22038	32757
6	Татарлар	4885	3007
7	Кәрістер	4536	225
8	Мордвалықтар	1980	647
9	Белорустар	1829	3472
10	Шешендер	90	1226
11	Литвалықтар	37	1834
12	Басқалар	6340	2395
Барлығы		430607	300573

Ауыл тұрғындары санатының бірі арнайы қоныс аударушылар болды. Белгілі болғандай, 1941–1944 жылдары немістер, қалмақтар, қарашайлар, ингуштар, шешендер, қырым татарлары Солтүстік Қазақстанға жер аударылды [9; 6]. 1944 жылғы наурыздың ортасында Солтүстік Қазақстан облысына шешендер мен ингуштар қатарынан 39542 адам қоныс аударды. Зерттеушілер көрсетіп отырғандай, олардың жаңа жерлерге орналасуына қамқорлық жасау жергілікті өкілді органдарға жүктелді. Солтүстік Қазақстан облысында орналасқан арнайы қоныс аударушылардың едәуір бөлігі ауылшаруашылығы артелдері (17060 адам), кеңшарлар (2460 адам), кәсіпорындар мен мекемелер (1165 адам) арасында бөлінді. Арнайы қоныс аударушылар «Вильямс» атындағы ұжымшарларға, Мамлют ауданының «Молодая гвардия», Конюхов ауданының «Пламя», Булаев ауданының Чистовский, Булаев астық кеңшарларына жіберілді [26; 291]. Алайда, тұрмыстық және туындаған қиындықтар, азық-түлікпен тұрақты қамтамасыз етудің болмауы арнайы қоныс аударушылар арасында үлкен өлім-жітімге алып келді. 1946 ж. Солтүстік Кавказдың аштығынан аса мұқтаж арнайы қоныс аударушыларына Қазақ КСР үкіметі 96 т. астық бөлді, бұл қайта есептеуде мұқтаждар санына күніне бір адамға есептік норманы — 200 гр. құрады. Сондай-ақ, киім мен аяқ киім таратылды, бірақ бұл барлық мәселелерді шеше алмады. 1945–1946 жылдардың қысында ұжымшарлар мен кеңшарларда арнайы қоныс аударушы 1800 адам жұмыс істемеді, өйткені жылы киім, аяқ киім жоқ, сонымен қатар 2816 бала мектепке бармады [32; 82, 83, 86].

Салыстыру үшін, мұрағат құжаттарына сәйкес, Павлодар облысына 1944 ж. наурыз айында Солтүстік Кавказдан арнайы қоныс аударушылар 8651 отбасы (41773 адам), оның ішінде шешендер 4208 отбасы (19757 адам), ингуштар — 3788 отбасы (19430 адам), балқарлар — 655 отбасы (2586 адам) келді. 1945 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша Солтүстік Кавказдан қоныс аударушылар саны барлығы 8508 отбасы — 34830 адам болды, 143 отбасына (6943 адам) азайды, себебі өз отбасыларымен қосылу үшін басқа облыстарға және республикаларға кетуге байланысты — 3504 адам, сондай-ақ қайтыс болу себебі бойынша — 3439 адам болды. Арнайы қоныс аударушылар арасында өлім-жітімнің жоғары болды және аурулар кең тарады. Сонымен, арнайы қоныс аударылғандардың басым бөлігі ұжымшарларға 5885 отбасы (24354 адам) және кеңшарларға 922 отбасы (3725 адам) орналастырылды. Мұрағаттық құжаттарға сәйкес, азық-түліктік қолдау ретінде 1 сәуірге дейін арнайы

қоныс аударушылар болған ұжымшарларға ірі қара — 3484 бас, қой мен ешкі — 14903 бас, бұқа — 950 бас таратылды. Алайда, бөлінгеніне қарамастан, көптеген арнайы қоныс аударушылар тағдыр тәлкегінде ұшырады: олардың көпшілігі ұжымшарларға кіргеніне қарамастан, олар үй маңындағы учаскелерді ала алмады, тұрғын үйлердің құрылысы бұзылды, осыған байланысты ауыр зардаптар орын алды [33; 10–16].

Осылайша, демографиялық үдерістерді талдау ауыл тұрғындарының өсуінің төмендегенін көрсетті, бұл ауылдардың бір бөлігін қала үлгісіндегі кенттерге айналдыруға, сондай-ақ ауыл тұрғындарының қалалық жерлерге өнеркәсіптік құрылыстарға қарқынды көшуіне, «арнайы контингент» есебінен жұмыс күшін толықтыруға байланысты. Жалпы, ұжымшарлар өздерінің әлеуметтік-демографиялық дамуында бүкілодақтық жедел ұжымдастыру үдерістерінің, сондай-ақ кеңестік мемлекеттің қуғын-сүргіндік шараларының, соның ішінде халықтарды депортациялаудың әсерін көрсетті. Дәл осы уақытта Солтүстік Қазақстан өзіне полиэтносты өңір мәртебесін бекітті.

1950 ж. 30 мамырда БК(б)П ОК «Ұсақ ұжымшарларды ірілендіру және осы істегі партия ұйымдарының міндеттері туралы» қаулысы қабылданғаннан кейін Солтүстік Қазақстан облысында 230-ға жуық ұжымшар есептеліп, орта есеппен әрбір ұжымшарға 10980 га дейін жер бөлінді, оның ішінде 170-ке жуық шаруа қожалығы, 200-ге жуық еңбекке қабілетті жұмысшылар, егістік алқабы 2172 га шамасында және жалпы мал 1922 бас болды [34; 28]. Алайда, ауылшаруашылығын дамытудың ерекшелігі оның деңгейінің ең алдымен мемлекеттік жеткізілімдерді орындау арқылы анықталды, егер мемлекеттік жоспар орындалмаған жағдайларда, онда қарыз өнімді жылы орындалуы керек. Өз кезегінде, егіншілікте нан дайындауды орындау ауа-райы жағдайларынан, тұқымның, сондай-ақ ауыл шаруашылығындағы қоғамдық секторды дамытудағы экономикалық ынталандырудың болмауынан қиындады. Соғыстан кейінгі кезеңде алғаш рет жақсы өнім тек 1950 жылы, жоспардан тыс 7644 мың пұт тапсырылған кезде алынды [24; 13, 34; 13].

Ақшалай қатынастарға көшуге дәнді дақылдарды сатып алу бағасының өсуі ықпал етті, бұл өз кезегінде 1953 жылғы қыркүйекте ұжымшарлардың ақшалай кірістерін 20 млн.рубльге, 1954 жылы жалпы тауар массасын ұлғайтпай 29 млн. рубльге ұлғайтты. Облыстың ауыл шаруашылығының ақшалай табыстарының өсуі табиғи төлемдерді астықпен ақшалай төлемдермен алмастыруға әкелді, бұл шаруалардың еңбегін ынталандырды, өткен жылдары тиісті назар аударылмаған экономикалық мүдделіліктің нақты тетіктерін жасады. Алайда, ұжымшаршылардың ақшалай табыстары соғыстан кейінгі кезеңде тапшы және соғысқа дейінгі деңгейден төмен болды: егер 1940 жылы еңбек күндерінің ақшалай бөлігі 58 тиын құраса, 1950 жылы бар болғаны 40 тиын. Өз кезегінде, табиғи кірістер өсті: Солтүстік Қазақстан облысы бойынша олар 1949 жылы — 0,7 кг бір жұмыс күніне, 1950 жылы — 5,4 кг құрады, кейбір аудандарда кірістер түсімділікке байланысты болды: мысалы, Октябрь ауданында кіріс 7,3 кг, Ленинде — 6,5 кг, ал Приишимде — 6,1 кг бір жұмыс күніне құрады. Шаруалардың жұмысқа деген ынтасының артуына қарамастан, тіпті 1950 жылдың өзінде Солтүстік Қазақстан облысында ең төменгі жұмыс күнін (6600 ұжымшаршы немесе қызметкерлердің жалпы санының 13 %) шығармау жағдайлары орын алған. Ұжымшаршылардың осы санатының болуы ауыл тұрғындарының өз еңбегінің нәтижелеріне деген қызығушылығының жоғалғанын айғақтайды.

Облыс шаруаларының азық-түлікпен қамтамасыз етілуі мен өмір сүру деңгейі айтарлықтай төмен деңгейде қалды. Шаруа отбасының отбасылық бюджет шығыстарының негізгі баптары туралы Солтүстік Қазақстан облысының тұрғыны, облыстың тарихын ата-анасының естеліктері бойынша зерттеген Хасанова Диляра Габидуллақызының (1947 ж.т.) айтқанынан: «шығындар айтарлықтай болды: киім-кешек тапшы, өздері тікті, ескілерінен тігілді, іс жүзінде сатып алынбай басқалардан алынды, тамақпен, әрине, қиын болды... барлық көкөністерді өзіміз өсірдік... Ондай да ерекше тағам болмады, қант, нан, шай, сүт... Бірақ кеңес заманында азық-түлікпен өте қиын болды», - деп еске алған [35]. Бұл фактіні архивтік деректер де растайды, олар азық-түлік дағдарысы кезінде билік органдарының шаруаларды азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз етуі соншалықты нашар болғанын, негізінен тұрғындардың шағын жеке қосалқы шаруашылықтарының есебінен жүзеге асырылғанын көрсетеді [36].

Қорытынды

Соғыстан кейінгі онжылдық шаруалардың әлеуметтік-экономикалық жағдайының белгілі бір қиындықтарын көрсетті. Ауыл тұрғындарының өмірі табиғи апаттармен, экономиканы қалпына келтіру үшін қатаң заңдармен және салықтармен күрделене түсті. Кейінгі сталинизм кезеңі ұжымшарлар мен кеңшарлардың әкімшілік басқаруын күшейтуге тоталитарлық режимнің қысымымен ерекшелені,

бұл ұжымшарларды ірілендіру бойынша реформалар жүргізумен көрінді. Ауыл шаруашылығының дамуына экономикалық ынталандыру қағидаттарын пайдаланбай, дәстүрлі әміршілдік-әкімшілдік тәсілдер кедергі келтірді. Астық өндірісінің ұлғаюына көбінесе егіс алқаптарын кеңейту есебінен экстенсивті жолмен қол жеткізілді, мал шаруашылығы саласында тұрақтандыру әрекеттері жасалды. Алайда, жүйелі мәселелерді шешудің болмауы мал шаруашылығының ауыр жағдайына және мал ба-сының 3 есе азаюына әкелді, нәтижесінде 1951–1952 жылдарда жаппай жұт болды. Жалпы, соғыстан кейінгі ауыл шаруашылығын қалпына келтіру шаруалардың материалдық жағдайының сәл жақса-руына әкелді.

Мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің қаржылық қолдауымен «Соғыстан кейінгі онжылдықтағы Қазақстанның шаруалары: әлеуметтік трансформация және күнделікті өмір» АР08052897 жобасын іске асыру аясында дайындалды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Балакаев Т.Б. Колхозное крестьянство Казахстана в годы Великой Отечественной войны, 1941–1945 гг. / Т.Б. Балакаев — Алма-Ата: Наука, 1971. — 350 с.
- 2 Муритова А.Б. Культурное строительство в селах и аулах Казахстана (1946–1960 гг.): автореф. дис. ... канд. ист. наук / А.Б. Муритова. — Алма-Ата, 1991. — 24 с.
- 3 Сламбеков З. Общественно-политическая жизнь аула и села Казахстана (1946–1960 гг.): автореф. дис. ...канд. ист. наук / З.Сламбеков. — Алма-Ата, 1992. — 24 с.
- 4 Қозыбаев М.Қ.Ақтандақтар ақиқаты / М.Қ.Қозыбаев.— Алматы: «Қазақ университеті», 1991. – 247 б.
- 5 Қозыбаев М.К. Тоталитарный социализм: реальность и последствия / М.К.Қозыбаев, К.С. Алдажуманов. — Алматы: Фонд «XXI век», 1997. — 28 с.
- 6 Омарбеков Т. XX ғасырдағы Қазақстан тарихының өзекті мәселелері / Т. Омарбеков. — Алматы: Өнер, 2003. — 552 б.
- 7 Койгелдиев М.К. Сталинизм и репрессии в Казахстане 1920–1940 гг. / М.К. Койгелдиев. — Алматы: Искандер, 2009. — 448 с.
- 8 Койгелдиев М. Қазақ Елі: Ұлттық бірегейлікті сақтау жолындағы күрес (XIX ғ. — XXI ғ. басы) / М. Койгелдиев. — Алматы: «Каратау КБ» ЖШС, «Дәстүр», 2014. — 432б.
- 9 Алдажуманов К.С. Депортация народов — преступление тоталитарного режима / К.С. Алдажуманов, Е.К. Алдажуманов. — Алматы, 1997. — 16 с.
- 10 Абылхожин Ж.Б. Очерки социально-экономической истории Казахстана. XX век / Ж.Б. Абылхожин. — Алматы: «ЮАТ», 1997. — 360 с.
- 11 Абылхожин Ж.Б. Постсталинский период в истории советского Казахстана: череда обреченных реформ и несостоявшихся деклараций (1953–1991 гг.) / Ж.Б. Абылхожин. — Алматы: КБТУ, 2019. — 468 с.
- 12 Абжанов Х.М. Сельская интеллигенция Казахстана: исторический опыт формирования и социальной практики (1946–1985 годы): автореф. дис. ... д-ра ист. наук / Х.М. Абжанов. — Алма-Ата, 1992. — 42 с.
- 13 Берденова К.А. Аграрная политика тоталитарного государства как фактор кризисного состояния сельского хозяйства Казахстана / К.А. Берденова, С.И. Иманбердиева. — Алматы, Ғылым, 1994. — 144 с.
- 14 Кадысова Р.Ж. Историография социокультурной модернизации: учеб. пос. / Р.Ж. Кадысова. — Павлодар: Эко, 2006. — 187 с.
- 15 Сактаганова З.Г. Экономическая модернизация Казахстана. 1946–1970 гг.: моногр. / З.Г. Сактаганова. — Караганда: Изд-во КарГУ, 2017. — 365 с.
- 16 Данилов А.А. Рождение сверхдержавы. СССР в первые послевоенные годы / А.А.Данилов, А.В. Пыжиков. — М.: РОССПЭН, 2001. — 304 с.
- 17 Зима В.Ф. Голод в СССР. 1946–1947 гг.: происхождение и последствия / В.Ф. Зима. — М.: Прометей, 1996. — 304 с.
- 18 Зубкова Е.Ю. Общество и реформы. 1945–1964 гг. / Е.Ю. Зубкова. — М.: РОССПЭН, 1993. — 200 с.
- 19 Зубкова Е.Ю. Послевоенное советское общество: политика и повседневность. 1945–1953 / Е.Ю. Зубкова. — М., 2000. — 204 с.
- 20 Попов В.П. Экономическая политика советского государства. 1946–1953 гг. / В.П. Попов. — Тамбов: Изд-во ТГПУ, 2000. — 222 с.
- 21 Фицпатрик Ш. Сталинические крестьяне: социальная история Советской России в 30-е годы: деревня / Ш. Фицпатрик. — М.: Рос. полит. энцикл., 2001. — 422 с.
- 22 Лебина Н. Советская повседневность: нормы и аномалии. От военного коммунизма к большому стилю / Н. Лебина. — М.: НЛЮ, 2015. — 483 с.

- 23 Boym S. Common Places: Mythologies of Everyday Life in Russia / S., Boym — London: Harvard Univ. Press, 2009. — 384 p.
- 24 СолтүстікҚазақстан мемлекеттік архиві (әрі қарай – СҚМА).С.Қ. – 22.Т. – 4. Іс – 164.П. – 9, 13, 19.
- 25 СҚМА. С.Қ. – 22.Т. – 4. Іс – 223.П. – 104.
- 26 Северо-Казakhstanская область: страницы летописи родного края. — Алматы: Казахстан, 1993. — 392 с.
- 27 СҚМА. С.Қ. – 22.Т. – 4. Іс – 194.П. – 227.
- 28 СҚМА. С.Қ. – 22. Т. – 4. Іс – 489. П. – 159.
- 29 Российский государственный архив экономики (далее – РГАЭ). Ф. 1562. О. 336. Д. 970.
- 30 РГАЭ. — Ф. 1562. — О. 336. — Д. 1566.
- 31 РГАЭ. — Ф. 1562. — О. 336. — Д. 1566.
- 32 СҚМА. С.Қ. – 22. Т. 4. Іс 310. П. – 82, 83, 86.
- 33 Павлодар облыстық Мемлекеттік архиві. Қ. – 646. Т. – 1. Іс – 252. П. 10–16.
- 34 СҚМА. С.Қ. – 22. Т. – 4.Іс – 1038.П. 13, 28.
- 35 Д.Г. Хасанованыңестеліктері.Петропавл қ. (Ескерту: Сұхбат М.М. Қозыбаевамен жазылған).
- 36 Ақталған есімдер. Возвращенные имена. — Петропавл, 2008. — 464 б.

М.М. Козыбаева

Особенности социально-экономического положения и повседневной жизни крестьянства Северо-Казakhstanской области в послевоенный период

В статье предпринята попытка изучения социально-экономического положения и повседневной жизни крестьянства Северо-Казakhstanской области в послевоенный период. В послевоенное время продолжается давление тоталитарного режима. В особенности, это коснулось сельского населения, жизнь которого, помимо ежедневного изнурительного труда, усугублялась жесткими законами и налогами для восстановления разрушенного хозяйства. В социальном составе крестьянства северного региона преобладало европейское население, кроме того, активно применялся труд спецпереселенцев. Положение сельского населения послевоенного периода отягощали последствия засухи и последовавшего за ней голода 1946–1947 гг. в центральных регионах России, что усилило давление на казахскую степь. Автор приходит к выводу, что послевоенное десятилетие было трудным для сельского хозяйства, его тружеников. Решение вопросов сельского хозяйства шло традиционно в рамках командно-административного руководства, без использования принципов экономического стимулирования. В основном за счет расширения площадей посевов достигалось увеличение производства зерна, делались попытки повышения числа продуктов животноводства. Ряд аграрных реформ не смогли восстановить довоенный уровень производства сельского хозяйства, поскольку причина лежала в отчуждении крестьянина от средств производства, отсутствии его материальной заинтересованности. Послевоенное восстановление хозяйства привело лишь к незначительному улучшению материального положения крестьянства, что отразилось на его повседневной жизни.

Ключевые слова: послевоенный период, крестьянство, колхозы, трудодни, животноводство, земледелие, миграции, спецпереселенцы, реформы, повседневность.

М.М. Kozybayeva

Features of the socio-economic situation and daily life of the peasantry of the North Kazakhstan region in the post-war period

In the article, the socio-economic situation and daily life of the peasantry of the North Kazakhstan region in the post-war period were studied. In the post-war period, the pressure of the totalitarian regime continued. Particularly, this affected the rural population, whose life, in addition to the daily exhausting work, was aggravated by strict laws and taxes to restore the destroyed economy. The social composition of the peasantry of the northern region was dominated by the European population, furthermore, the labor of special settlers was actively used. The situation of the rural population in the post-war period was worsened by the consequences of the drought and the subsequent famine in 1946–1947 in the central regions of Russia, which increased pressure on the Kazakh steppe. Consequently, the post-war decade was difficult for agriculture and its workers. The solution of agricultural issues was traditionally carried out within the framework of the command-administrative leadership, without the use of the principles of economic incentives. Due to the expan-

sion of the area under crops, an increase in grain production was achieved, attempts were made to increase livestock products. A number of agrarian reforms could not restore the pre-war level of agricultural production, since the reason lay in the alienation of the peasant from the means of production, his lack of material interest. The post-war restoration of the economy led only to a slight improvement in the material situation of the peasantry, which was reflected in their daily life.

Keywords: post-war period, peasantry, collective farms, workdays, animal husbandry, agriculture, migration, special settlers, reforms, everyday life.

References

- 1 Balakayev, T.B. (1971). Kolkhoznoe krestianstvo Kazakhstana v gody Velikoi Otechestvennoi voyny, 1941–1945 gg. [Collective farm peasantry of Kazakhstan during the Great Patriotic War, 1941–1945]. Alma-Ata [in Russian].
- 2 Muritova, A.B. (1991). Kulturnoe stroitelstvo v selakh i aulakh Kazakhstana (1946–1960 gg.) [Cultural construction in the villages and auls of Kazakhstan (1946–1960)]: Extended abstract of candidate's thesis. Alma-Ata [in Russian].
- 3 Slambekov, Z. (1992). Obshchestvenno-politicheskaia zhizn aula i sela Kazakhstana (1946–1960 gg.) [Socio-political life of the yard and the village of Kazakhstan (1946–1960)]: Extended abstract of candidate's thesis. Alma-Ata [in Russian].
- 4 Qozybayev, M. (1991). Aqtandaqtar aqıqaty [The truth of acquittals]. Almaty, «Qazaq universiteti» [In Kazakh].
- 5 Kozybayev, M.K., & Aldazhumanov, K.S. (1997) Totalitarnyi sotsializm: realnost i posledstviia [Totalitarian socialism: reality and consequences] Almaty [in Russian].
- 6 Omarbekov, T. (2003). XX ғасырдағы Қазақстан тарихының өзекті мәселелері [Topical issues of the history of Kazakhstan in the twentieth century]. Almaty, Oner [In Kazakh].
- 7 Koygeldiyev, M.K. (2009). Stalinizm i repressii v Kazakhstane 1920–1940 gg. [Stalinism and repression in Kazakhstan 1920–1940]. Almaty [in Russian].
- 8 Qoigeldiyev, M. (2014). Qazaq Yeli: Ultyq biregeilikti saqtay zholındaғы күрес (XIX ғ. — XXI ғ. басы) [Kazakh Eli: The struggle for the preservation of national identity (XIX — early XXI centuries)]. Almaty [in Kazakh].
- 9 Aldazhumanov, K.S., & Aldazhumanov, Ye.K. (1997). Deportatsiia narodov — prestupleniie totalitarnogo rezhima [Post-Stalin period in the history of Soviet Kazakhstan: a series of doomed reforms and failed declarations (1953–1991)]. Almaty [in Russian].
- 10 Abylkhozhin, Z.B. (1997). Ocherki sotsialno-ekonomicheskoi istorii Kazakhstana. XX vek [Essays on the socio-economic history of Kazakhstan. XX century]. Almaty: YuAT [in Russian].
- 11 Abylkhozhin, Z.B. (2019). Poststalinskii period v istorii sovetskogo Kazakhstana: chereda obrechennykh reform i nesostoiavshikhsia deklaratsii (1953–1991 gg.) [Post-Stalin period in the history of Soviet Kazakhstan: a series of doomed reforms and failed declarations (1953–1991)]. Almaty [in Russian].
- 12 Abzhanov, Kh. (1992). Selskaia intelligentsiia Kazakhstana: istoricheskii opyt formirovaniia i sotsialnoi praktiki (1946–1985 gody) [Rural intelligentsia of Kazakhstan: historical experience of formation and social practice (1946–1985)]: Extended abstract of candidate's thesis. Alma-Ata [in Russian].
- 13 Berdenova, K.A., & Imanberdiyeva, S.I. (1994). Agrarnaia politika totalitarnogo gosudarstva kak faktor krizisnogo sostoiianiia selskogo khoziaistva Kazakhstana [The agrarian policy of the totalitarian state as a factor of the crisis state of agriculture in Kazakhstan]. Almaty [in Russian].
- 14 Kadysova, R.Zh. (2006). Istoriografiia sotsiokulturnoi modernizatsii [Historiography of sociocultural modernization]. Pavlodar [in Russian].
- 15 Saktaganova, Z.G. (2017). Ekonomicheskaiia modernizatsiia Kazakhstana. 1946–1970 gg. [Economic modernization of Kazakhstan. 1946–1970]: monografiia. Karaganda [in Russian].
- 16 Danilov, A.A., & Pyzhikov, A.V. (2001). Rozhdenie sverkhderzhavy. SSSR v pervyye poslevoennyye gody [Birth of a superpower. The USSR in the first post-war years]. Moscow: Prometei [in Russian].
- 17 Zima, V.F. (1996). Golod v SSSR. 1946–1947 gg.: proiskhozhdenie i posledstviia [Famine in the USSR. 1946–1947: origins and consequences]. Moscow [in Russian].
- 18 Zubkova, E.Yu. (1993). Obshchestvo i reformy. 1945–1964 gg. [Society and reforms. 1945–1964.]. Moscow: ROSSPEN [in Russian].
- 19 Zubkova, Ye.Yu. (2000). Poslevoennoe sovetskoe obshchestvo: politika i povsednevnost. 1945–1953. [Postwar Soviet Society: Politics and Everyday Life. 1945–1953.]. Moscow [in Russian].
- 20 Popov, V.P. (2000). Ekonomicheskaiia politika sovetskogo gosudarstva. 1946–1953 gg. [Economic policy of the Soviet State. 1946–1953]. Tambov [in Russian].
- 21 Fitspatrik, Sh. (2001). Stalinskii krestiane: sotsialnaia istoriia Sovetskoi Rossii v 30-e gody: derevnia. [Stalinist peasants: social history of Soviet Russia in the 30s: the village] Moscow [in Russian].
- 22 Leбина, N. (2015). Sovetskaia povsednevnost. Normy i anomalii. Ot voennogo kommunizma k bolshomu stilu [Soviet diary. Norms and anomalies. From military communism to big style]. Moscow [in Russian].
- 23 Boym, S. (2009) Common Places: Mythologies of Everyday Life in Russia. London.

- 24 Soltustik Qazaqstan Memlekettik arkhivy [North Kazakhstan State Archive]. F. P.22. O.4. D. 164. L.9, 13, 19[in Kazakh].
- 25 Soltustik Qazaqstan Memlekerrik arkhivy [North Kazakhstan State Archive]. F. P.22. O.4. D.223. L.104 [in Kazakh].
- 26 Severo-Kazakhstanskaia oblast: stranitsy letopisi rodnogo kraia [North-Kazakhstan region: pages of chronicles of the native land] (1993). Almaty [in Russian]
- 27 Soltustik Qazaqstan Memlekerrik arkhivy [North Kazakhstan State Archive]. F.P.22. O.4. D.194. L.227. [in Kazakh].
- 28 Soltustik Qazaqstan Memlekerrik arkhivy [North Kazakhstan State Archive]. F.P.22. O.4. D.489. L.159–159 ob. [in Kazakh].
- 29 Rossiiskii gosudarstvennyi arkhiv ekonomiki [Russian state archive of Economics] (RGAE). F. 1562. Op. 336. D. 970[in Russian].
- 30 RGAE. F.1562. Op. 336. D. 1566 g. [in Russian].
- 31 RGAE. F.1562. Op. 336. D. 1566 d. [in Russian].
- 32 Soltustik Qazaqstan Memlekerrik arkhivy [North Kazakhstan State Archive]. F.P.22. Op.4. D. 310. L.82, 83, 86. [in Kazakh].
- 33 Pavlodar oblystyq memlekettik arkhivi [Pavlodar regional state archive]. F. 646. Op.1. D. 252. L. 10–16. [in Kazakh].
- 34 Soltustik Qazaqstan Memlekerrik arkhivy [North Kazakhstan State Archive]. F.P-22. Op. 4. D. 1038. L. 13, 28. [in Kazakh].
- 35 D.G. Khasanovanyñ estelikteri. Petropavlq. (Eskertu: Sukhbat M.M. Kozibaevamen zhazylgan.[Memoirs of Dilyara Gabidullova Khasanova, born in 1947, Petropavlovsk Note — interview. M.M. Written by Kozybayeva]. [in Kazakh].
- 36 Aqталған yesimder. Vozvrashchennye imena (2008). [Returned names]. Petropavl [in Kazakh and Russian].